

Әлем мәдениеттерінің өзара әрекеттесуі ретінде Н.Я. Данилевский, А. Д. Тойнби және С. Ф. Хантингтон тұжырымдамаларын салыстырмалы талдау

Бүгінгі таңда күн сайын әлемнің кез-келген бұрышында аса маңызды шешімдер қабылданып, түрлі оқиғалар минут сайын болып жатқанда әлем мәдениеттерінің өзара әрекеттесу теорияларын білу көптеген жағдайларды жан-жақты толығырақ түсінуге септігін тигізетіні анық.

Қазірге дейін қоғамды зерттеуде өркениеттік көзқарасты ұстанып, өркениеттік дамудың ең көлемді концепцияларын жасап, өркениетті өз еңбектерінде мәдени-тарихи үрдіс ретінде қарастырған ғалымдардың қатарына Н. Я. Данилевский, А. Д. Тойнби және С.Ф. Хантингтонды жатқызуға болады. Аталған ғалымдардың барлығы біртұтас дүниежүзілік тарих концепциясына сыни көзқараста болған.

1869 жылы жарық көрген «Ресей және Еуропа» еңбегінде атақты орыс табиғаттанушысы және философы Николай Данилевский біртұтас дүниежүзілік-тарихи үрдіс ретінде тарих жоқ, тек жеке «мәдени-тарихи типтердің» (өркениеттер) тарихы бар деген көзқарасты дәйекті түрде қорғаған. Н. Я. Данилевский жалпы он екі мәдени-тарихи типтердің бар екендігін алға тартқан, ғалым олардың қатарына египеттік, қытайлық, үнділік, славяндық, ирандық, еврейлік, гректік, римдік, роман-германдық, американдық және тағы басқа типтерді жатқызған, соның ішінде соңғысы дамудың бастапқы кезеңінде күш пен қысым нәтижесінде жоғалып кеткен деп көрсетеді.

Ғалымның тұжырымдауынша, мәдени-тарихи типтер тірі организмдер іспеттес дамиды, яғни олар үнемі бір-бірімен және сыртқы ортамен күрес жағдайында болып, тарих бойы бірі бірін ығыстырып отырады. Н. Я. Данилевский бойынша, әр мәдени-тарихи тип өзінің дамуында 3 сатыдан өтеді дейді: 1) этнографиялық (ежелгі), 2) саяси (мемлекеттік), 3) өркениеттік. Оның пікірінше, Еуропа өзінің құлдырау сатысына жетіп үлгерді, ал славяндық өркениет, керісінше, өзінің шығармашылық қуатының гүлдену сатысына өтті.

Ал атақты ағылшын тарихшысы Арнольд Тойнбиге келетін болсақ, ол өзінің 12 томдық «Тарихты түсіну» (1934 жыл мен 1961 жыл аралығы) атты еңбегінде тарихты салыстырмалы түрде ерекше және жабық өркениеттердің (жергілікті өркениеттер) жиынтығы деп қарастырған. Өркениет белгілі бір кеңістік пен уақытта өмір сүреді, ал дін оның негізі болып табылады, дегенмен технологиялық даму параметрлері де маңызды деп тұжырымдайды. А. Тойнбидің теориясының негізінде өркениеттердің өз заманының сын-қатерлеріне жауап ретінде пайда болып, дамитындығын негіздейтін идея жатыр. Оның пікірінше, халықтар үнемі табиғи және әлеуметтік ортаның (климаттың өзгеруі, жер сілкінісі немесе су тасқыны, соғыстар, жаулап алу қаупі және т.б.) сын-қатерлеріне түсіп отырады. Соған

сәйкес, өркениеттің пайда болуы мен өсу кезеңдері шығармашылық азшылықтың (қоғам элитасы – пайғамбарлар, ойшылдар, саясаткерлер, абыздар, генералдар, сәулетшілер, т.б.) заман талабы мен сындарына сәтті жауап таба алуымен сипатталады. Шығармашылық азшылықтың уақыт өте келе аталған қабілетінен айырылуы – өркениетті тоқырау мен ыдырау сатыларына алып келеді.

А. Тойнби адамзат тарихындағы 21 өркениетті бөліп көрсетеді де, соның ішінде 20 ғасырда тек 10 шақты өркениет тіршілігін жалғастыруда деп есептейді. Олардың қатарына – батыс, православиелік, ирандық, араб, үнділік, қиыр шығыс, қытайлық, египеттік және тағы басқаларды жатқызды. Ғалымның тұжырымдауынша, кез-келген өркениет өзінің даму жолында келесідей сатылардан өтеді: пайда болу, өсіп-өну, сыну және ыдырау; кейбіреулері тіпті өсіп-өнбей жатып өшеді, ал кейбірі даму барысында қатып қалып монотонды өсімдіктер сияқты тіршілігін бірқалыпты күйде жалғастырады.

Келесі қоғамды зерттеуде өркениеттік көзқарасты ұстанған америкалық ғалым Сэмюэль Хантингтон «Өркениеттер қақтығысы және әлемдік тәртіптің өзгеруі» (1996 жылы шығарылған) атты еңбегінде өркениетті бірқатар ортақ белгілердің (тіл, тарих, дін, әдет-ғұрыптар, мекемелер) болуымен, сондай-ақ адамдардың сәйкесінше өз-өздерін сәйкестендіруімен анықталатын ауқымды мәдени қауымдастық ретінде қарастырады.

Аталған тарихи-философиялық трактат қырғи-қабақ соғыстан кейінгі әлемнің құрылымына арналған. Автор еңбегінде көпполярлы әлем идеясын негіздейді, оның ішінде төмендегідей 8 ірі өркениетті бөліп қарастырады: батыс, қытай, жапон, үнді, ислам, православиелік, латынамерикандық және африкалық.

Трактатының ең бірінші тарауында С. Хантингтон 1990 жылдардың басында қалыптасқан жағдайды сипаттайды. 20 ғасырдағы әлем көпполярлы, полиөркениетті болып келеді. «Қырғи қабақ соғыс» кезеңі екі полярлы саяси жүйемен сипатталады: бір жағынан АҚШ бастаған капиталистік дамыған елдер, екінші жағынан Кеңес Одағы бастаған кедей коммунистік елдер. Сондай-ақ, кедей және саяси тұрақсыз және әлемдік саясатқа қатыса алмайтын Үшінші әлем елдерін де атап өткен жөн. Сәйкесінше, қос полярлық қатынастар кезеңінде саяси, идеологиялық және экономикалық қайшылықтар басым болды. Жалпы 90-жылдары мәдени, ұлттық құндылықтарға басымдық беріледі, КСРО ыдырағаннан кейін әлем картасында жаңа мемлекеттер пайда болып, халықтардың өзін-өзі сәйкестендіруі басталады. Соған сәйкес, ұлттық, этникалық, мәдени байланыстар нығая бастайды. Көріп отырғанымыздай, қазірдің өзінде үш мемлекет блогы емес, жеті - сегіз түрлі өркениет қалыптасып жатыр.

Қазіргі кездегі ең үлкен қауіп – әлеуметтік таптар, байлар мен кедейлер арасындағы қақтығыстар емес, әртүрлі мәдени ерекшеліктері бар

халықтар арасындағы қақтығыстар, яғни өркениеттер қақтығысы. Бұл қақтығыстар осы өркениеттердің басқа елдері мен топтары өздерінің «бауырлас елдерінен» көмек сұрауымен одан әрі шиеленісу мүмкіндігін тудырады. Тараптардың ешқайсысы шегініс жасағысы келмегендіктен қақтығыстар күрделі және түсініксіз сипатқа ие болып, өркениеттерді үлкен тығырыққа тіреуі әбден ықтимал.

Бүгінгі таңда Батыс өркениетінің туындысы болып табылатын «эмбебап өркениет» ұғымы өте өзекті болып отыр. Бұл ұғымның негізгі идеясы бүкіл адамзаттың белгілі бір ортақ құндылықтар, сенімдер, бұйрықтар және т.б. аясында біріктірілуі, яғни бір мәдениеттің гегемониясының орнауы. Тіл мен дін – кез келген өркениет пен мәдениеттің орталық элементтері екендігі баршамызға мәлім. 21 ғасырда «ағылшын тілі – халықаралық тіл, дүниежүзілік қатынас тілі» деген сөздер құлаққа үйреншікті жағдай екені белгілі. Десе де, профессор С. Кульберттің кестесі ағылшын тілін меңгерген халықтың пайыздық үлесінің азайып бара жатқанын көрсетеді. Әрине, қалай десек те ағылшын тілінің қазіргі таңда әртүрлі ұлттар мен мәдениеттер өкілдерінің бір-бірін түсінісуіндегі рөлін керіге шығара алмаймыз. Дегенмен, басым көпшілік үшін ағылшын тілін тек қарым-қатынас құралы екендігін ескерсек, бұл жалпыадамзаттық өркениетті құру үшін мүлдем жеткіліксіз екендігін түсіну қиынға соқпайды. Дінде де солай. С. Хантингтон ағылшын тарихшысы А. Тойнбиге ілесе отырып, белгілі бір өркениетке жатудың критерийі ретінде діни принципке басты рөлді береді. Дін – әрбір жеке өркениеттің негізі болғандықтан, жалпыға ортақ бір дінді құру мүмкін еместің қасы. Дүние жүзіндегі барлық діндерде өзара ортақ нәрселер, қандай да бір ұқсастықтар болғанымен, әр дінде өте маңызды рөл атқаратын ерекшеліктер бар. Дін эмбебап болу үшін тым маңызды, бірегей элемент екендігін ескерген жөн.

С. Хантингтон кітабының іргетасы бұл Батыс мәдениетінің эмбебаптылығына сенудің қателігі болып табылады. Автордың пікірінше, Батыс өркениеті эмбебаптылығымен емес, шын мәніндегі бірегейлігімен құнды. С. Хантингтон Батыс христиандығы, плюрализм, жеке бас бостандығы, саяси демократия, заң үстемдігі, адам құқығы – бұл басқа өркениеттің емес, батыс өркениетінің негізгі құндылықтары мен негізгі сипаттамалары екендігін алға тартады. Сондықтан Батыс елдері басшыларының басты жауапкершілігі – Батыстың құлдырап бара жатқан күшінен жоғары басқа өркениеттердің бейнесін қайта құруға тырысу емес, Батыс өркениетінің қайталанбас қасиеттерін сақтау, қорғау және жаңарту болып табылады.

Осылайша, С. Хантингтон өз еңбегінде жалпыға бірдей қабылданған эмбебап өркениеттің жоқтығы туралы терминді растайтын өркениеттік қайшылықтардың әртүрлі түрлерін қарастырған. Әрбір өркениет бірегей және ең дұрысы қақтығыстардың алдын алу үшін оларды біріктіретін ортақ жақтарды іздеген жөн. Автордың айтуынша, қазір Батыс өркениеті басқа

өркениеттерді өзінше реттеуге талпынудың орнына, басқа өркениеттерді қолдауға, олармен оңтайлы қарым-қатынас орнатуға, халықаралық институттарды нығайтуға кірісуі керек.

Өркениеттік көзқарастың ерекшелігі өркениеттердің бірінен соң бірі кезекпен жалғасатынында емес, керісінше олардың әрдайым бір-бірімен етене өмір сүруінде. Бұл тәсілдің тағы бір маңызды ерекшелігі бір өркениетте орын алған үрдістер басқа өркениеттерде қайталануы міндетті емес екендігін мойындау болып табылады.